

ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ...

З.М. ЕРҒОЖИНА

экономика ғылымының кандидаты, доцент

Алматы қаласы «Дәулет – бақ»

жеке мекеме басшысы

Дегендей еліміздің бір туар азаматы, елге тұлға бола білетін ұстазымыз Кенжеғали Әбенұлының туған күні көктемнің басы 2008 жылы тойлап жатырмыз. Әр кімнің де туған күні тойланады, бірақ бұл кісінің орны бөлек, ерекше ақыл ойлы, адамгершілік парасаттылығы өзгеше – жан. Қазақстанның мыңдаған азаматтарымен азаматшаларына экономика білімінің саласында дәріс беріп, жол көрсетін өзінің бағытында мектебін құрған академикке қандай құрмет көрсетсе де артық емес. 1960 жылдардан бастаған материалдық - техникалық жабдықтау жүйесін ғылыми тұрғыдан зерттеуді Қазақстан және Орта Азия елдеріндегі мамандарды жұмылдыруда көптеген бағыттар осы кісінің жетекшілігімен іске асты. Бұл тақырып қазіргі нарық экономикасының маркетинг, сұранысқа ұсынысты сәйкестендіру мәселесін ғылыми тұрғыдан қарау болып табылады. 1989 – 1990 жылдары Алматы халық шаруашылық институтында «маркетингтің неңізі» пәнінен дәріс бере бастадық. Сондықтан да егемендігімізді алуымен қатар Қазақстанда нарық экономикасына сай менеджер, маркетинг мамандары дайындалып еліміздің нарық экономикасын дұрыс бағытпен дамытуға жол ашылды. Мен осы салада 44 жыл еңбек етіп келе

жатқан Кенжеғали Әбенұлының көпшікірттерінің бірімін. Әлі күнге дейін мен осы кісінің басқару – жетекшілік тәсілін үйренуге, қолдануға тырысамын. Өз балама да осы кісіге ұқсап бақ теп үйретемін. Аспиранттарға, ғылыми зерттеуші мамандарға жетекшілік етудің бір ерекшілігі, біздің зерттеп жатқан жұмыстарымызды ол кісі тез арада қарап бір – екі күннің ішінде анық, ұсақ өзінің қол таңбасымен түзетулерін көрсетіп қайтарып береді. Қандай жауапты қызметте болса да жұмасына бір рет ғылыми кадрлармен аспиранттарға арнаулы күн бөліп, жұмыс барысын, істеген ісін уақытында тамамдауға бағыт береді. Ол күн біз үшін ұйықтамай күн демей, түн демей кітапханада жұмыс істеп, ізденуде болатынбыз. Мен өз басым осы кісідей ғылыми жетекшіміз болғанына қуанымын. Сол кездің өзінде 1975 – 1976 жылдары Кенжеғали Әбенұлының аспирантары болғанымызды, өзімізді өзгеден жоғары санайтынбыз. Кәзір ойласам, ол біздің артықшылығымыз емес, ол ғылыми жетекшіміздің абыройы екен.

Кенжеғали Әбенұлына, жұбайы Нағтай Әбітайқызына, бала шағаларына зор денсаулық, бақыт, ұзақ өмір тілеймін.